

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
«Түпқараған гуманитарлық-техникалық колледжі» МКҚК



«Бекітемін»
Директордың м.а.

А. Сұлтанғали

2022 ж

2022-2023 оқу жылына арналған колледждің жұмыс жоспары

Педагогикалық кеңестің отырысында қаралды және мақұлданды

2022 жылғы 31 тамыздағы №1 хаттама

Баутино ауылы, 2022 жыл

Мазмұны

№	Мазмұны	Бет
1	Колледж туралы қысқаша анықтама	2
2	Колледжін миссиясы, пайымдауы, стратегиялық мақсаты мен міндеттері	3
3	Колледждің ұйымдық құрылымы	4
4	Колледжішілік іс-шаралардың циклограммасы	5
5	Оқу жұмысының жоспары	6
6	Оқу-өндірістік жұмыс жоспары	9
7	Тәрбие жұмысының жоспары	14
8	Колледжін психологиялық қызметінің жұмыс жоспары	30
9	Кәсіптік бағдар беру орталығының жұмыс жоспары	33
10	Кітапхананың жұмыс жоспары	35
11	Медициналық пунктін жұмыс жоспары	40
12	Күндізгі бөлімнің жұмыс жоспары	43
13	Сырттай бөлімнің жұмыс жоспары	55
14	Педагогикалық кеңестің жұмыс жоспары	57
15	Әдістемелік кеңестің жұмыс жоспары	59
16	Индустриялық кеңестің жұмыс жоспары	68
17	Колледжішілік бақылау жоспары	69
18	Директор жанындағы кеңес жұмысының жоспары	82

Колледж туралы қысқаша анықтама

Маңғыстау облысының білім басқармасының «Түпқараған гуманитарлық-техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны заңды тұлға мәртебесіне ие мемлекеттік білім беру мекемесі болып табылады.

Заңды мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы, 130500, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Баутино ауылы, Күржіманұлы көшесі №6.

Колледж директорының м. а.: Сұлтанғали Айнұр Сұлтанғалиқызы

Колледж қызметі келесі құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады:

Маңғыстау облысы әкімдігінің 28.04.2015 жылғы №128 қаулысымен бекітілген Маңғыстау облысы білім басқармасының «Түпқараған гуманитарлық-техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының Жарғысы негізінде.

2016 жылғы 9 қаңтардағы №KZ11LAA00006405 Маңғыстау облысының Білім саласындағы бақылау Департаментінің білім беру қызметіне берілген мемлекеттік лицензиясына сәйкес.

Түпқараған аудандық әділет басқармасы берген №214-1943-05-ГП заңды тұлғаны, 150540009388 бизнес сәйкестендіру нөмірімен мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасына сәйкес.

Колледждің құрылған жылы - 2016 жыл. 2020 жылы үш мамандық бойынша алғашқы түлектер бітіріп шықты. ТГТК 7 мамандық бойынша мемлекеттік тілде мамандар даярлауды жүзеге асырады.

Мамандық атауы	Біліктілігі	Оқу мерзімі
07161300 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	3W07161301 - Автомобиль жөндеу слесарі	2 жыл 10 ай
	3W07161303 - Автомобиль көлігін жөндеу шебері	2 жыл 10 ай
	4S07161304- Техник-механик	3 жыл 10 ай
01120100 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	4S01120102-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі	3 жыл 10 ай
07320100 Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану	4S07320106 -Техник-құрылысшы	3 жыл 10 ай
06120100 Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	3W06120101 Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы	2 жыл 10 ай
07150500 Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)	3W07150501-Электргазымен дәнекерлеуші	2 жыл 10 ай
	4S07150502-Техник-механик	3 жыл 10 ай
1414000 Жиһаз өндірісі (түрлері бойынша)	4S07221406-Техник-технолог	3 жыл 10 ай
01140300-Көркем еңбек	4S01140301-Көркем еңбек мұғалімі ХТ-22	3 жыл 10 ай

2022-2023 оқу жылына білім алушылар контингенті 289 (күндізгі бөлім 277, сырттай оқу бөлімі 12) студентті құрайды.

Колледждің кадрлық құрамы ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес жинақталған.

2022-2023 оқу жылына колледждің инженерлік-педагогикалық қызметкерлерінің жалпы саны 28 адамды құрады.

Колледждің миссиясы, пайымдауы, стратегиялық мақсаты мен міндеттері

ТІТК миссиясы:

Еңбек нарығының өзгертін қажеттіліктері жағдайында өзінің таңдаған кәсіби қызметінде құзыреттілікке бағдарланған көшбасшылық қасиеттері бар, бәсекеге қабілетті орта буын мамандарын және жұмысшы кадрларды даярлау.

Стратегияның мақсаты:

Білім берудің негізгі кәсіби бағдарламаларын іске асыратын тиімді, сапалы, қазіргі заманғы білім беру жүйесін қалыптастыру.

Орта буын мамандарын даярлау бойынша колледждің жетекші ұстанымдарын нығайту, дамыту.

Ғылымның, мәдениеттің және білім беру процесінің дүниетанымдық синтезі негізінде жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің сапасын қамтамасыз етуге қабілетті оқу, ғылыми, әдістемелік және шаруашылық қызметті жүзеге асыру.

Колледж дамуының стратегиялық бағыттары:

1-стратегиялық бағыт. Білім беру қызметтерінің сапасын экономиканың нақты және қаржы секторларының бәсекеге қабілетті мамандарымен қамтамасыз ету.

2-стратегиялық бағыт. Даярланатын мамандарда азаматтық пен патриотизмді, тарихи процесті жасаушы және өзін-өзі көрсете білетін жеке тұлғаны адами капиталдың маңызды сипаттамалары ретінде қалыптастыру үшін жағдай жасау.

3-стратегиялық бағыт. Колледжді басқару мен қаржыландырудың тиімділігін жетілдіру және арттыру.


Стратегиялық мақсаттар:

1. Білім беру сапасын күшейту және оқу процесін басқару тетіктерін жетілдіру.

2. Кәсіби және әлеуметтік құзыреттілікке ие азамат пен патриоттың бәсекеге қабілетті тұлғасын тәрбиелеу.

3. Менеджмент сапасын жақсарту.

Колледждің ұйымдық құрылымы



Колледжілік іс-шаралардың циклограммасы

№	мәртөбесі, жұмыс бағыттары	басқару органдарының, құрылымдық бөлімшелердің, бірлестіктерінің атауы	өткізу кезеңілігі	өткізу мерзімі	жауапты	орындаушы	айдың апталары (1 апта айдың бірінші дүйсебінен басталады)			
							1 апта	2 апта	3 апта	4 апта
1	басқару органдары	Педагогикалық кеңес	Екі айда кемінде 1 рет	Тамыз, қазан, желтоқсан, ақпан, сәуір, маусым	Директор	Жоспарға сәйкес				*
		Әдістемелік кеңес	Екі айда кемінде 1 рет	Қыркүйек, қараша, қаңтар, наурыз, мамыр	әдіскер	Жоспарға сәйкес			*	
2	Жұмыс кеңесші органдар	Индустриялық кеңес	Жылына кемінде 1 рет	Тамыз	ИК төрағасы	ИК хатшысы				*
		Әкімшілік кеңес	Семестрде кемінде 2 рет	Қыркүйек, қараша, қаңтар, наурыз, мамыр	директор	ӘК хатшысы	*			
		Директор жанындағы кеңестер	Айына 1 рет	Ай сайын	Директор	Директордың орынбасары			*	
3	Оқу-әдістемелік жұмыс	ПҚК апталықтары	Екі айда кемінде 1 рет	Тамыз, қазан, желтоқсан, ақпан, сәуір, маусым	ПҚК жетекшілері	Жоспарға сәйкес		*		
		Жас педагог мектебі	Айына 1 рет	Ай сайын	Әдіскер	Әдіскер			*	
		Аттестаттау комиссиясы	Жылына кемінде 2 рет	Мамыр, желтоқсан	Әдіскер	Әдіскер	*			
4	Тәрбие жұмысы	Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесі	Екі айда кемінде 1 рет	қазан, желтоқсан, ақпан, сәуір, маусым	ДТЖО	ДТЖО			*	
		Құрасторлар кеңесі	Айына 1 рет	Ай сайын	ДТЖО	ДТЖО		*		
		Шәкіртақы комиссиясы	Жылына кемінде 3 рет	Қаңтар, маусым, қыркүйек	Бас бухгалтер	ДОЖО, кураторлар				*
		Кәсіптік бағдар беру орталығы	Айына 1 рет	Ай сайын	КБЮ жетекшісі	Оқытушылар, еріктілер				*
		Үйірмелер, секциялар	Аптасына 1 рет	Апта сайын	Информатика пәні зертханашысы	жетекшілер	Өткізу кестесіне сәйкес			

Оқу жұмысының жоспары

Мақсаты: қалыпталатын құзыреттердің сапасын жақсартуға бағытталған жағдайларды қамтамасыз ету үшін білім беру саласындағы ҚР заңнамасына сәйкес оқу процесін ұйымдастыру.

Міндеттері:

- оқу процесін ұйымдастыруды реттейтін білім беру саласындағы ҚР заңнамасын зерделеу;
- ТЖКОБ мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес оқу процесін ұйымдастыру бойынша оқу-жоспарлау құжаттамасын жасау;
- оқу процесін ұйымдастыру үшін жағдай жасау;
- оқу процесінің нәтижелерін бақылау.

№	Жұмыс атауы	Орындау мерзімі	Түпкі нәтиже	Жауаптылар
1	Қызметті ұйымдастыру			
1.1	2022-2023 оқу жылына колледждің оқу және оқу-өндірістік жұмысының жоспарын әзірлеу	тамыз	Жұмыс жоспары	ОІ жөніндегі директордың орынбасары
1.2	2022-2023 оқу жылына педагогикалық кеңестің жұмыс жоспарын әзірлеу	тамыз	Жұмыс жоспары	ОІ жөніндегі директордың орынбасары
1.3	2022-2023 оқу жылына колледждің жұмыс жоспарын құру	тамыз	Жұмыс жоспары	ОІ жөніндегі директордың орынбасары
1.4	Оқу жылының семестрлері бойынша оқу сабақтарының және факультативтердің кестесін жасау	тамыз	Жұмыс жоспары	ОІ жөніндегі директордың орынбасары
1.5	Пәндер циклы жұмыс жоспарларын, оқытушылардың 2022-2023 оқу жылына арналған жеке жоспарларын бекіту	тамыз	Жұмыс жоспары	ОІ жөніндегі директордың орынбасары
2	Бұйрықтарды, құжаттаманы әзірлеу және бекіту			
2.1	2022-2023 жылғы қабылдау мамандықтары бойынша оқу жұмыс жоспарларын әзірлеу	тамыз	Мамандықтар бойынша жоспарлар	ОІ жөніндегі директордың орынбасары
2.2	2022-2023 оқу жылына оқу процесінің кестесін әзірлеу	тамыз	ОП кестесі	ОІ жөніндегі директордың орынбасары
2.3	2022-2023 оқу жылына педагогикалық жүктемені әзірлеу және үлестіру	тамыз	Педагогикалық жүктеме	ОІ жөніндегі директордың орынбасары
2.4	Оқу пәндері мен модульдері бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын (ОЖЖ) және күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды (КТЖ) әзірлеу	тамыз	ОЖЖ, КТЖ	ОІ жөніндегі директордың орынбасары
2.5	Бұйрықтар шығару: - 2022-2023 оқу жылында оқу процесін ұйымдастыру туралы;	тамыз	Бұйрық	ОІ жөніндегі директордың

	<p>- 2022-2023 оқу жылына педагогикалық, әдістемелік және индустриялық кеңестердің педагогикалық әлеп жөніндегі кеңестің құрамын бекіту туралы;</p> <p>- 2022-2023 оқу жылына топ жетекшілерін бекіту туралы.</p> <p>- 2022 жылғы қабылдау мамандықтары бойынша оқу жұмыс жоспарларын, оқу пәндері мен модульдері бойынша ОЖЖ бекіту туралы;</p> <p>- 2022-2023 оқу жылына педагогикалық жүктемені бекіту туралы.</p>			орынбасары
2.6	Аралық аттестаттау және курстық жобалау емтихандары үшін мәліметтер дайындау	қараша, сәуір	Емтихан билеттерін, курстық жұмыстардың тақырыптары мен кестесін бекіту	ОІ жөніндегі директордың орынбасары
2.7	Бітіруші курстардың қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру үшін құжаттарды дайындау (комиссия төрағаларын, мүшелерін, емтихан билеттерін әзірлеу және бекіту, кесте, хаттамалар және есептер әзірлеу)	мамыр-маусым	Бұйрықтар, кестелер, емтихан билеттері, хаттамалар, есептер	ОІ жөніндегі директордың орынбасары
3	Есептік құжаттаманы құру			
3.1	ҰБДҚ мәліметтермен толықтыру	Қыркүйек	Мәліметтер қоры	ОІ жөніндегі директордың орынбасары
3.2	2022-2023 оқу жылының басына мемлекеттік статистикалық есептерді құру бойынша жұмысты ұйымдастыру	қыркүйек	Нұсқаулық	ОІ жөніндегі директордың орынбасары
3.3	2022-2023 оқу жылының басына мемлекеттік статистикалық есептілікті жасау (2-ІІК, жалпы және әр мамандық бойынша контингент туралы, бітіру туралы, жұмысқа орналастыру туралы, қосарлы оқытуды енгізу барысы туралы, әріптестікті дамыту туралы)	5 қазанға дейін	Есептер	ОІ жөніндегі директордың орынбасары
3.4	Атауды кітапты толтыруды қадағалау	қыркүйек	Мәліметтер қоры	ОІ жөніндегі директордың орынбасары
3.5	Түлектерді қорытынды аттестаттау жөніндегі комиссия төрағаларының есептерін алу	маусым	Есептер	ОІ жөніндегі директордың орынбасары
3.6	2022-2023 оқу жылының түлектерін жұмысқа орналастыру мониторингі	Екі айда 1 рет	Ақпарат	Кәсіптік бағдар жетекшісі
3.7	2021-2022 оқу жылындағы колледж жұмысының қорытындысын және 2022-2023 оқу жылына	шілде	есеп	ОІ жөніндегі директордың

	арналған жоспар жобасын талдаумен есеп жасау			орынбасары
3.8	Облыстық білім басқармасына мемлекеттік қызмет көрсету бойынша есеп тапсыру	Ай сайын	есеп	ОІ жөніндегі директордың орынбасары
4	Оқу процесін бақылау			
4.1	Білім беру процесінің сапасын бақылау бойынша жұмысты ұйымдастыру	ай сайын	Колледжішілік бақылау жоспары	ОІ жөніндегі директордың орынбасары
4.2	Жалпы орта білім беру базасында оқитын 1 курс, 2 және 3 курс студенттерінің жалпы кәсіптік және арнайы пәндер немесе модульдері бойынша білімнің "межелік" бақылауын ұйымдастыру	қараша, желтоқсан	Талдау анықтамалары	ОІ жөніндегі директордың орынбасары
4.3	Оқытушылардың сабақтарына қатысу	Ай сайын	Талдау анықтамалары	ОІ жөніндегі директордың орынбасары
4.4	Теориялық және тәжірибелік оқыту журналдарының толтырылуын бақылауды жүзеге асыру	семестрде кемінде 1 рет	Журналдардағы жазбалар	ОІ жөніндегі директордың орынбасары
	Жағдай оқытушылардың сабақтарына қатысу, талдау жасау, әдістемелік көмек көрсету	Ай сайын	Талдау анықтамалары	ОІ жөніндегі директордың орынбасары
5	Іс шараларды дайындау және ұйымдастыру			
5.1	Бітіруші курстардың қорытынды аттестаттауын өткізуді ұйымдастыру	маусым	Сабақ кестесі, емтихан мәліметтері	ОІ жөніндегі директордың орынбасары
5.2	Түлектерді қорытынды аттестаттау жөніндегі комиссия жұмысына қатысу	маусым	есеп	ОІ жөніндегі директордың орынбасары
5.3	Бірінші курстың ата-аналар жиналысына қатысу	семестрде кемінде 1 рет	Хаттамалар	ОІ жөніндегі директордың орынбасары
6	Кәсіптік және педагогикалық шеберлікті арттыру бойынша жұмыс			
6.1	ҚР Заңдарын, ҚР Президентінің Жарлықтарын, ҚР Үкіметінің шешімдерін, қаулыларын, ҚР БІМ бұйрықтарын, нұсқаулық, әдістемелік мәліметтерді, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарды зерделеу	үнемі	Ішкі құжаттар	ОІ жөніндегі директордың орынбасары
6.2	Колледж директорларының оқу және оқу-өндірістік жұмыстары жөніндегі орынбасарларының облыстық бірлестігінің жұмысына қатысу	үнемі	Отырыстардың әдістемелік ұсынымдары	ОІ жөніндегі директордың орынбасары
6.3	Тақырыптық семинарларға, кеңестерге, конференцияларға және т. б. іс-шараларға қатысу	үнемі	Тәжірибелік мәліметтер	ОІ жөніндегі директордың орынбасары

Оқу-өндірістік жұмыс жоспары

Мақсаты: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру барысында студенттерде жалпы және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру.

Міндеттер:

1. Өндірістік практикада психология мен педагогика бойынша және жеке әдістемелер бойынша теориялық білімді өзектендіру және қолдану.
2. Мақсат қою тәсілдерін игеру және мұғалім мен тәрбиешінің қызметін оған қойылатын нормативтік талаптарды, оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып жоспарлау.
3. Кәсіби дағдыларды дамыту, әдістемелік әзірлемелерді дайындау және рәсімдеу.
4. Студенттердің бақылау жазбаларын жүргізу, бақылау барысында алынған ақпаратты өңдеу, жалпылау, оны практика күнделігінде толық және дұрыс көрсету қабілетін дамыту.
5. Білім беру мазмұнын жаңартуды іске асыру жағдайында педагог кадрлар мен студенттердің қызметін әдістемелік сүйемелдеу.
6. Болашақ педагогтардың кәсіби қалыптасуы.

Жұмыс бағыты: Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын енгізу.

№ п/п	Қаралатын мәселелердің, жұмыстардың атауы	Орындау мерзімі	Индикаторы/ Сонғы нәтиже	Жауапты
I	Ұйымдастыру қызмет			
1	Нормативтік-құқықтық базаны қалыптастыру	жыл бойы	бұйрықтар, келісім шарттары	ОӨЖО
2	Әдістемелік сүйемелдеу және студенттерге практикadan өтуге педагогикалық және психологиялық көмек көрсету	жыл бойы	қаланың білім беру мекемелеріндегі педагогикалық практика	ОӨЖО әдіскер
3	Әлеуметтік серіктестер мен жұмыс берушілер арасында өзара байланыс орнату	жыл бойы	келісім-шарттар жасау	ОӨЖО
4	Түлектерді жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша байланыс жасау: - облыстың, қалалар мен аудандардың білім беру бөлімдерімен; - ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерімен;	жыл бойы	облыстың білім беру мекемелерінде жұмысқа орналастыру	ОӨЖО
5	Колледж сайты тәжірибе бойынша жаңарту	жыл бойы	колледж сайтына ақпарат	ОӨЖО
6	«Оқу процесінің кестесі», «Дуалды оқыту», «Түлектер» ҰБДҚ базасын толтыру және жаңарту	уақытында	базаны толтыру мен жаңарту	ОӨЖО топ кураторла р
II	Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды меңгерумен енгізуде студенттер мен әдіскерлерге қолдау көрсету Техникалық және кәсіптік білім беру			
1	Педагогикалық практика бойынша сана мониторингі	семестр бойынша	педагогикалық кеңес туралы анықтама.	ОӨЖО
2	«Көркем еңбек» мамандығы «Көркем еңбек пәні мұғалімі» біліктілігі бойынша дуалды оқыту бойынша бақылау	жыл бойы	ақпарат	ОӨЖО
3	«Дәріккерлеу ісі (түрлері бойынша)»	жыл бойы		

	мамандығы 3W07150501 «Электргазымен дәнекерлеуші» біліктілігі бойынша дуалды оқыту бойынша бақылау		ақпарат	ОӨЖО
4	«Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» мамандығы 4S07320106 «Техник – құрылысшы» біліктілігі бойынша дуалды оқыту бойынша бақылау	жыл бойы	ақпарат	ОӨЖО
5	«Көркем еңбек» мамандығы 4S01140301 «Көркем еңбек пәні мұғалімі» біліктілігі, «Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)» мамандығы 3W07150501 «Электргазымен дәнекерлеуші», 07161300 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы 4S07161304 «Техник-механик» біліктілігі, 06120100 «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» мамандығы, 3W06120101 «Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы» біліктілігі бойынша дуалды оқыту жүйесі бойынша келісім шарт жасау, реестрге тіркелуге құжаттарын дайындау	қыркүйек	ақпарат	ОӨЖО
III Инновациялық үрдістерді әдістемелік сүйемелдеу				
Педагогикалық кеңестің отырыстарына шығарылатын мәселелер				
1	Оқу және өндірістік тәжірибелерді ұйымдастыру, студенттердің практикалық дайындығының сапасын арттыру бойынша әлеуметтік әріптестермен ынтымақтастық туралы студенттердің практикасын ұйымдастыру қорытындылары.	Қыркүйек, маусым	анықтама	ОӨЖО
2	Колледж түлектерін жұмысқа орналастыру бойынша қабылданған шаралар туралы. Колледждің түлектермен байланысы, оларды жұмысқа орналастыру мәселелері	наурыз	анықтама	ОӨЖО
3	«Негізгі білім» мамандығы бойынша дуалды оқыту жүйесінің жұмыс барысы туралы 2023 жылдың жазғы кезеңінде студенттердің жазғы педагогикалық практикасын ұйымдастыру қорытындылары туралы	сәуір мамыр	анықтама анықтама	ОӨЖО
IV Педагогикалық кеңесте қаралатын мәселелер				
1	Колледжде «Жас маман» жобасының іске асырылуы	№ 2 кеңес қараша	анықтама	ОӨЖО
2	Білікті мамандарды дайындауда дуалды оқытуды жүзеге асыру.	№3 кеңес қаңтар	анықтама	ОӨЖО
3	Колледж түлектерін жұмысқа орналастыру бойынша қабылданған шаралар. Колледждің түлектермен байланысы, оларды жұмысқа орналастыру мәселелері	кеңес № 4 сәуір	ақпарат	ОӨЖО
4	Колледждегі кәсіптік бағдар жобасының мектептермен байланысы	кеңес № 5 мамыр	ақпарат	ОӨЖО
V Әдістемелік кеңестің отырыстарына шығарылатын мәселелер				
1	Кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру	Қазан-мамыр	ақпарат	ОӨЖО

2	Педагогикалық практика барысында түлектердің шығармашылық әлеуетін қалыптастыру және дамыту бойынша әдіскерлер қызметінің мазмұны мен ұйымдастыруын бақылау.	желтоқсан	акпарат	ОӨЖО
3	Білім беру процесін бағдарламалық және оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз етудің жай-күйі туралы	желтоқсан	акпарат	ОӨЖО
VI	Студенттердің педагогикалық тәжірибесін сүйемелдеу			
1	Практикадан өту кестесін жасау.	қыркүйек	оқу процесінің графигі	ОӨЖО әдіскерлер
2	Колледж, мектеп және балабақша әдіскерлеріне арналған тәжірибені басқару бойынша жеке және топтық кешестер	жыл бойы	консультациялар	ОӨЖО әдіскерлер
3	Практика бойынша құжаттаманы дайындау, сапасын тексеру және қажетті көмек көрсету.	жыл бойы	практика бойынша құжаттарды жинау	ОӨЖО
VII	Кәсіби бағдар беру жұмысы			
1	Топ жетекшілерінен колледж түлектерінің жұмысқа орналасу туралы мәлімет жинақтау	жыл бойы	анықтама	ОӨЖО
2	Мектеп оқушыларын колледжде өтетін әртүрлі шараларға тарту	жыл бойы	анықтама	
3	Үгіт материалдарын дайындау, колледж туралы жарнаманы ұйымдастыру	жыл бойы	талапкерлерді қабылдау бойынша кәсіби бағдар беру жұмысы	ОӨЖО
4	Облыстың қалалары мен аудандарының мектеп оқушылары үшін «Ашық есік күні» ұйымдастыру және өткізу	қазан наурыз	ашық есіктер күні	ОӨЖО
5	Worldskills колледжілік, өңірлік, конкурсына дайындық және қатысу	жыл бойы	World skills жүлдегерлері мен конкурсанттары	ОӨПЖБО
VIII	Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары конференциялар, кәсіби конкурстар, олимпиадалар			
1	Дипломалды практиканың қорытындысы бойынша конференция.	наурыз	конференция	ОӨЖО
2	«Worldskills» конкурсын ұйымдастыру және өткізу	жыл бойы	студенттердің қатысуы	ОӨЖО Әдіскер
3	«Мамандық үздігі» мамандықтар арасында сайыс	Ақпан	Сайыс	ОӨЖО
IX	Құжаттармен жұмыс, есептер дайындау			
1	Өндірістік және оқу практикасына байланысты рәсімдер бойынша бұйрықтар, өкімдер жобаларын дайындау.	жыл бойы	бұйрықтар	ОӨПЖБО
2	Бітіруші топтардағы практикадан өтуді бақылау кестесін жасау.	қыркүйек	оқу процесінің графигі	ОӨЖО
3	Практика бойынша нормативтік оқу-әдістемелік құжаттаманы жасау және жүргізу: - бақылау күнделіктері; - бағдарлама; - есептік құжаттама нысандары; - өндірістік машықтану кестесі.	қыркүйек	бақылау күнделіктері; - бағдарлама; - есептік құжаттама нысандары; - өндірістік машықтану кестесі	ОӨЖО

4	2022-2023 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру	желтоқсан	2023-2024 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы	ОЖО ОӨЖО
X Оқу практикасы				
1	ДШВ-19 тобы үшін «Баланың мектептегі алғашқы күндері» практикасын ұйымдастыру және өткізу.	қазан	журналды толтыру, семинардың қорытынды бағасы	ОӨЖО әдіскерлер
2	Мамандық бойынша 3 курс «Көркем еңбек пәні мұғалімі» біліктілігі ХТ – 20 студенттері үшін «Кескіндеме», «Композиция» және т.б. практикасын ұйымдастыру және өткізу	Кестеге сай	журналды толтыру, семинардың қорытынды бағасы	ОӨЖО әдіскерлер
3	ДШВ-19 тобы 4 курс студенттері үшін оқу практикасын ұйымдастыру: -«Баланың мектептегі алғашқы күндері» - «Байқау практикасы» дайындық - «Дипломалды практикасына дайындық»	жыл бойы	журналды толтыру, семинардың қорытынды бағасы	ОӨЖО әдіскерлер
4	3 курс ХТ-20 студенттері «СҚО негіздері» оқу практикасы	Кестеге сай	журналды толтыру,	ОӨЖО әдіскерлер
5	«Жиназ өндірісі» мамандығы 3-курс студенттеріне, «Дәнекерлеу ісі» 4- курс, «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу» 3 курс студенттерінің практикасын өткізу,	Кестеге сай	журналды толтыру,	ОӨЖО Практика жетекшілері
	«Дәнекерлеу ісі» 4- курс, «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу» 3- курс студенттерінің практикасын серіктес «Қаражанбас мұнай» мекемесіне жіберу, құжаттарын дайындау	Кестеге сай	Құжаттарын толтыру	ОӨЖО Практика жетекшілері
6	2022-2023 оқу жылының кәсіптік практика нәтижесін талдау.	Уақытында	анықтама	ОӨЖО
7	2 курс «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» мамандығы бойынша студенттердің модульдік практикасын өткізу	Кестеге сай	Анықтама, журналды толтыру, семинардың қорытынды бағасы	ОӨЖО
8	2 курс 4S01120102 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиешісі» біліктілігі бойынша студенттер модульдік практикасын өткізу	Кестеге сай	анықтама журналды толтыру, семинардың қорытынды бағасы	ОӨЖО
XI Педагогикалық практика				
1	Диплом алды практика қорытындысын сараптау арқылы болашақ мамандардың құзыреттілік деңгейін анықтау.	Уақытында		ОӨЖО Арнайы пән оқытушылары
2	Практика нәтижелерін қорытындылап, туындаған проблемалармен жұмыс бағыттарын айқындау.	Уақытында		ОӨЖО
3	Мектептің бастауыш сынып мұғалімдері, бөбекжай тәрбиешілері, әдіскерлері, серіктес мекеме қызметкерлерімен әдістемелік көмек алу бағытында байланыс орнату.	жыл бойы		ОӨЖО Әдіскер

ХП	Бақылау			
1	Өндірістік практика бойынша құжаттаманың жай-күйін бақылау	жыл бойы	талдау анықтамалары	ОӨЖО
2	Өндірістік тәжірибе бойынша есептілікті бақылау	жыл бойы	талдау анықтамалары	ОӨЖО
3	Өндірістік практика барысында практика базаларына бару	жыл бойы	талдау анықтамалары	ОӨЖО
4	Оқу практикалары бойынша сабақтарды өткізу сапасын бақылау	жыл бойы	талдау анықтамалары	ОӨЖО
5	2022 жылы бітірген колледж түлектерін жұмысқа орналасту мәліметі	қазан	талдау анықтамалары	ОӨЖО
6	3-курс студенттерінің «Байқау және бақылау» педагогикалық практикасына қатысуы және өту сапасы	кесте бойынша	талдау анықтамалары	ОӨЖО
7	3 курс студенттерінің педагогикалық практикасын өту сапасын бақылау	кесте бойынша	талдау анықтамалары	ОӨЖО
8	Практика жетекшілерінің практика бойынша журналдарды толтыруын бақылау	жыл бойы	талдау анықтамалары	ОӨЖО
10	Аудан мектептерінде кәсіптік бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу	жыл бойы	талдау анықтамалары	ОӨЖО
11	Бітіруші топ студенттерінің демонстрациялық емтиханға дайындығын ұйымдастыру.	Наурыз-мамыр	Анықтама	ОӨЖО

Тәрбие жұмыс ЖОСПАРЫ:

Максаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан - жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу. «Мәңгілік Ел» – ұлттық сана-сезім мен отаншылдықтың дамуының жоғары деңгейіндегі, инновациялық экономика жағдайында табысты еңбек ететін, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы құндылықтарының қоғамдық санада, білім беру және тәрбие жүйесінде бекуін қамтамасыз ету. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту» атты мақаласындағы қоғамды рухани жаңғыртудың ауқымды идеялары мен тұжырымдамалық тәсілдерді терең зерделеу және білім алушылар арасында таратуды ұйымдастыру.

Міндеттері:

Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездікпен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.

Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен максаттарын қалыптастыруға ықпал ету.

Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тіл мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.

Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналарды тарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту.

Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін қалыптастыруына ықпал ету. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңестік орнату.

Тәрбие жұмысының басым бағыттары:

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани - адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем - эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

1. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ТӘРБИЕ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты тәрбиелеу;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүдделерін есепке ала отыра, қабілеттерін және іс-әрекетке дайындықтарын қалыптастыру, өзінің азаматтық тұлғасын ұстануға дағдыландыру;

Міндеттері:

- Халықаралық жағдай, экономика, Қазақстанның экономикалық саясаты мен мәдениеті мәселелерінде бағыттап білу қабілеттерін қалыптастыру; алған білімдерін өз өмірінде пайдалана білуге дағды беру;
- Отан тағдырына, оның кеңегі, бүгінгі мен болашағына қатысы бар екендігі сезімін дамыту;
- Қоғамдық және жеке мүдделерді біріктіру қабілетін қалыптастыру;
- Құқықтық білім мен заң талаптарына жауапкершілікпен қарауға;

№	Жұмыс жоспары	Уақыты	Жауаптылар	Аяқталу нысаны
1	1 қыркүйек – Білім күніне арналған салтанатты жиын өткізу. «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» тақырыптарында топ сағаттарын өткізу.	01.09.22ж	Колледж әкімшілігі Топ жетекшілері	Фото, тәрбие сағатының жүрісі

2	«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» атты кітап көрмесін дайындау, студенттерге таныстыру.	01.09.22ж	Догдырбаева Ж.	Фото сесеп
3	Қазақстан Республикасы Президентінің халқына Жолдауын талқылау, түсіндіру.	Қыркүйек	Топ жетекшілері	Фото есеп, хаттама
4	Студенттерді мемлекетімізде болып жатқан жаңалықтармен таныстырып отыру. Арнайы ақпарат бұрышын жасақтап, жаңалықтармен толықтырып отыру.	Үнемі	Топ жетекшілері Оралханова П.	Ақпарат бұрышы
5	Студенттердің сабаққа қатысын бақылау мақсатында кезекшілік кестесін жасақтау, бақылау журналына тіркеп отыру.	Қыркүйек	БТДЖО Кезекші топ	Кесте
6	«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру мақсатында жоспар жасақтау.	Қыркүйек	БТДЖО	Жоспар
7	Сабақтан себепсіз калуды болдырмау мақсатында рейдтер жүргізіп отыру.	Уақытында	Топ жетекшілері Жастар кеңесі	Фото есеп
8	5 қыркүйек – Қазақстан халықтары тілдері күні мен А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай «Тіл – татулық тірегі» атты апталық өткізу (жоспары бар)	05.09.- 12.09.22	Бегейқызы Г. Догдырбаева Ж Топ жетекшілері	Фото есеп Ақпарлама
9	Жастар кеңесінің жиналысын өткізу. Жаңа оқу жылына жастар құрамын сайлау.	Қыркүйек	БТДЖО Жастар кеңесі	Жоспар
10	Мемлекеттік рәміздер бойынша оқушылардың білімдерін тексеру, сауалнама алу.	Қыркүйек	Оралханова П. І курс топ жетекшілері	Сауалнама
11	А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай танымдық сағаттарын өткізу.	Қыркүйек	Топ жетекшілері	Фото, т.с жүрісі
12	Колледж студенттерінің арасында құқық бұзушылықты болдырмау және оның алдын алу мақсатында аудандық ІІБ ҚЖТБ инспекторларымен «Мен және заң» атты кездесу өткізу.	Қыркүйек	БТДЖО Топ жетекшілері Инспектор	Фото есеп
13	«Терроризм дегеніміз не? Террористік қауіп төнген жағдайда жүзеге асырылатын шаралар туралы нұсқаулық» тақырыбында кездесу өткізу.	Қазан	БТДЖО ІСБ АТТ маманы Инспектор Топ жетекшілері	Фото есеп Дәріс
14	Түпқараған ауданының 30 жылдық мерейтойына орай іс шаралар жоспарын жасақтау, өткізілетін аудандық шараларға студенттерді қатыстыру.	Қыркүйек- қазан	БТДЖО Топ жетекшілері	Фото есеп Ақпарлама
15	«Менің Отаным - Қазақстан» атты туристік-өлкетану экспедициялық жасақтарының слетіне қатысу.	Қазан	БТДЖО Глешов Ж. Жумағалиева Ж. Айтбаев Ж.	Фото, видео
16	1 қазан – Халықаралық карттар күніне орай «Қарты бар үйдің – қазынасы бар» атты апталық өткізу. / жоспары бар /	Қазан	БТДЖО «Игілік» еріктілер тобы Топ жетекшілері	Апталық материалда- ры
17	Студенттер арасындағы колледж формасы мен ережесін қатаң түрде сақтау мәселесі бойынша рейд жүргізу.	Уақытында	БТДЖО Топ жетекшілері	Хаттама
18	25 қазан – республика күніне орай мерекелік	Қазан	БТДЖО	Фото

	іс-шаралар өткізу.		Топ жетекшілері	
19	«Жемқорлықсыз қоғамға жол бастайық!» ашық тәрбие сағаты	Қазан	Сабитова Г. ТОРА-22 тобы	Фото, а.т.с.жүрісі
20	«Мен өз елімнің патриотымын» бейнероликтердің инста байқауын өткізу.	Қараша	БТЖО Топ жетекшілері	Видео Хаттама
21	1 желтоқсан –Елбасы күніне орай іс-шаралар өткізу. (Жоспары бар)	Желтоқсан	БТЖО Топ жетекшілері	Апталық материалдары
22	«Тәуелсіздік шежіресі» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізу.	Желтоқсан	Жаңабасева С.	Фото, а.т.с.жүрісі
23	16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай шаралар өткізу. (Жоспары бар).	Желтоқсан	Оралханова П. Топ жетекшілері	Апталық материалдары
24	«Тәуелсіздік - тұғырым» атты кітап көрмесін өткізу.	Желтоқсан	Қуанова К.	Фото, а.т.с.жүрісі
25	«Таза сессия» акциясын өткізу.	Қаңтар	БТЖО Инспектор Құқық және тәртіп фракциясы	Хаттама, фото
26	«Әскери- патриоттық тәрбие» айлығын өткізу.	Ақпан	Тлешов Ж. «Жас сарбаз» клубы	Фото, ақпараттама
27	Ауған жерінен Кеңес Одағының әскерлерін шығару күніне орай Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу өткізу.	Ақпан	БТЖО Тлешов Ж. Топ жетекшілері	Фото, ақпараттама
28	1 наурыз – Алғыс айту күніне орай іс-шаралар өткізу.	Наурыз	БТЖО Тудіпова А. ХТ-20	Әлеуметтік желіде жариялау
29	14- Аман мерекесі мен 22 наурыз – Ұлыстың ұлы күніне орай мерекелік шаралар өткізу (Жоспары бар).	Наурыз	Исаева Н. ВТ-22 тобы Топ жетекшілері	Өткізілген шаралар материалдары
30	Құқық бұзушылықтың алдын- алу мақсатында топ жиналыстарын өткізу.	Сәуір	Топ жетекшілері	Хаттама
31	1 мамыр – Қазақстан халықтары достығы мен ынтымақтастығы күніне орай ауданымыздағы өзге ұлт өкілдерімен кездесу ұйымдастыру.	Мамыр	БТЖО Топ жетекшілері	Жүрісі
32	7 мамыр – ҚР қарулы күштері күніне орай мерекелік шаралар өткізу (Жоспары бойынша).	Мамыр	Топ жетекшілері Тлешов Ж.	Жүрісі, фото
33	Әскери бөлімшелердегі сарбаздардың бір күндік тұрмысымен танысу. Саяхат сабақ.	Мамыр	БӨД пәні оқытушысы Топ жетекшілері	Видео, ақпараттама
34	9 мамыр – Жеңіс күніне орай «Ерлігі ерлерге тағзым» атты мерекелік шара. Жоспары бар.	мамыр	БТЖО Дуанаева А. ДШВ-19 тобы Топ жетекшілері	Жоспары, материалдары
35	«Жеңіс мәңгі жасасын!» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізу.	Мамыр	Исаева Н. ВТ-22 тобы	Фото, а.т.с.жүрісі

36	31 мамыр – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай аудандық меншікте өткізілетін еске алу шарасына қатысу. Еске алу, Құран бағыштау	Мамыр	Топ жетекшілері Тлешов Ж.	Фото, ақпарат
37	«Таза сессия» акциясын өткізу.	Мамыр	БТЖО Инспектор Құқық және тәртіп фракциясы	Хаттама, фото
38	ҚР рәміздері күніне орай «Мемлекеттік рәміздер – ұлттың мақтанышы». Мерекелік салтанатты шара өткізу.	Маусым	БТЖО Топ жетекшілері	Фото есеп
39	Студенттерді аудандық, облыстық, республикалық сайыстарға қатыстыру.	Уақытында	БТЖО	Хаттама

II. РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ

Мақсаты:

- Дені сау, адами қасиеттерге тән тұлғаны қалыптастыру үшін жағдайлар жасау;
- Студенттердің рухани-адамгершілік қалыптасуына, адамгершілік нормалары мен ережелерін меңгеруге, заңдарды және негізгі мемлекеттік нормативтік актілерді құрметтеу қасиеттерін қалыптастыруға көмектесу;
- Студенттердің өз қылықтары үшін жауапкершілікке, борыш, ар-намыс, әділдік уәждерін адами құқықтық таңдау жағдаяттарында өзін-өзі басқару білігін тәрбиелеу;

Міндеттері:

- Түрлі ұлт өкілдерінің мәдениетін үйрену-олардың салт-дәстүрлерін, рәсімдерін зерделеу, ҚР азаматының құқықтары мен міндеттерін игеру;
- Демократия, нақты демократиялық азаматтық қоғам құруда адамдар құқықтары мен міндеттерін игеру;
- Студенттерде қоршаған адамдарға адамгершілік қатынастарын тәрбиелеу, әдептілік, қатынас мәдениеті сияқты қасиеттерді көрсету.

№	Жұмыс жоспары	Уақыты	Жауаптылар	Аяқтау нысаны
1	«Студенттердің діни көзқарасын анықтау» студенттер мен ата-аналармен сауалнама жүргізу.	Уақытын да	Топ жетекшілер Тулепова А.	Хаттама
2	Колледжіміздегі студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын анықтау мақсатында сауалнама парағын толтырту. Отбасыларының тұрмыстық жағдайын(жетім, жартылай жетім, жағдайы төмен, көпбалалы) анықтау, көмек көрсетіп отыру.	Қыркүйек	БТЖО Топ жетекшілері психолог	Кесте
3	Жағдайы төмен, жалғызбасты қарттарға ай сайын қол көмек көрсетіп отыру.	Ай сайын	«Ігілік» еріктілер тобы	Ақпарат
4	Мүмкіндігі шектеулі студенттерді анықтау, анықтамаларын жинақтау, көмек көрсетіп отыру.	Қыркүйек	Топ жетекшілері Психолог	Кесте
5	Жағдайы төмен балаларға көмек көрсету мақсатында «Қайырымдылық – кәдірлі іс» атты қайырымдылық акциясын ұйымдастыру.	Қазан	БТЖО Топ жетекшілері «Ігілік»	Ақпарат фото есеп

	Жәрменке.		еріктілер тобы	
6	1 қазан – Халықаралық қарттар күніне орай «Қарты бар үйдің – қазынасы бар» атты апталық өткізу. / жоспары бар /	Қазан	БТІЖО Топ жетекшілері	Апталық материалдары
7	Ұстаздар мерекесіне орай «Ұлы тұлға ұстазым» мерекелік кеш. (Жоспары бар)	Қазан	Сабитова А. ХТ-22 тобы Студенттік парламент Топ жетекшілері	Кештің материалдары
8	Студенттердің бойында адамгершілік пен мейірімділік қасиеттерін дамыту мақсатында тәрбие сағаттарын өткізу.	Қазан	БТІЖО Топ жетекшілер Психолог	Т.С жүрісі
9	А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай шығармаларының желісі бойынша бейнелеу өнерінен байқау өткізу. Облыстық сайысқа қатысу.	Қазан	БТІЖО Топ жетекшілері	Хаттама
10	«Біз бейбіт өмірді қалаймыз!» суреттер байқауын өткізу.	Қараша	Нұрсайынова М. Топ жетекшілері	Хаттама
11	«Ұлағатты ұл, ынабатты қыз тәрбиесі» атты тәрбие сағатын өткізу.	Қараша	Топ жетекшілері	Т.с. жүрісі
12	«Шыдамды болуды үйренейік» әдептілік сағаттары.	Қараша	Психолог	Жүрісі
13	«Адамгершілік болмай, әділдік болмас» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізу.	Қараша	Бегейқызы Г.	А.т.с материалдары
14	«Өмірдің мәні – адамгершілік болса» атты сауалнама жүргізу.	Желтоқсан	1 курс топтары Тулепова А.	Хаттама
15	«Адамгершілік» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізу.	Желтоқсан	Топ жетекшілері	Фото есеп
16	Роза Бағланованың туғанына 100 жыл толуына орай «Ұлы әншісі еліміздің – Роза Бағланова» атты әдеби кеш өткізу.	Желтоқсан	Догдырбаева Ж. Топ жетекшілері	Фото есеп, акпарлама
17	«Тәрбие – тал бесіктен басталады» тақырыбында дөңгелек үстел өткізу.	Қаңтар	Догдырбаева Ж. Тулепова А. Топ жетекшілері	Акпарлама
18	«Имандылық тәрбие негізі» тақырыбында аудандық ішкі саясат бөлімінің жастар жөніндегі АТТ маманымен кездесу, пікір алмасу.	Ақпан	БТІЖО Топ жетекшілері	Фото есеп
19	Тәртібі қиын студенттермен жеке дара жұмыс жүргізіп отыру.	Ай сайын	БТІЖО Тулепова А.	Хаттама
20	1 наурыз – Алғыс айту күніне орай «Алғыс айту – парызым» атты парасын ұйымдастыру (Жоспары бар).	Наурыз	БТІЖО Тулепова А. ХТ-20 тобы Топ жетекшілері Студенттік парламент	Материалдары
21	8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған «Бәрі де, Ана, бір өзінен басталады» тақырыбымен мерекелік кеш. (Жоспары бар)	Наурыз	Топ жетекшілері Студенттік парламент	Жоспары, фото

22	«Анам – асылым, анам – ән-жырым» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізу.	Наурыз	Тулесова А. ХТ-20 тобы	Фото
23	«Амал келді, жыл келді!» Көрісу мерекесіне арналған фуршет. Құттықтаулар жолдау. (Жоспары бар)	Наурыз	БТЖО Оқытушылар	Жоспары
24	«Құқықтық тәрбие және құқықтық жігер» пікірталас.	Сәуір	БТЖО Инспектор «Саналы ұрпақ» еріктілер клубы	Ақпараттама, фото
25	«Мейірімділікке бағдар ғажайып әлем» акциясын ұйымдастыру.	Мамыр	Айтбаев Ж. «Игілік» еріктілер тобы	Ақпараттама

III. ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев бағдарламалық құжаттың «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» әрбір қазақстандықтың санасын жаңғырту, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу.

Мақсаты:

- Студенттерді белсенді өмір ұстанымда болуға ықпал жасап, әлеуметтік қарым-қатынас жүйесінде өзіне тән тәртіп стилін дамыту;
- Студенттерді ұлттық салт дәстүрлерді сақтап, құрметтеуге тәрбиелеу;

Міндеттері:

- Қоғамдағы өз орнын қалыптастыруға ықпал ету;
- Өз халқының этногенездік ерекшеліктерін бойына жинақтаған, мәдениетін, тілін, әдет-ғұрпын, дінін, толық меңгерген жеке тұлғаны қалыптастыру;

№	Жұмыс жоспары	Уақыты	Жауаптылар	Аяқтау нысаны
1	Студенттерге сойлеу, қарым-қатынас орнату мәдениетін үйрету, өз ойларын айқын жеткізе білуге дағдыландыру.	Үнемі	Топ жетекшілері	Дәріс
2	5 қыркүйек - Қазақстан халқы тілдері күні мен А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай «Тіл – татулық тірегі» атты апталық өткізу.	05.09.- 12.09.21ж	БТДЖО Бағейқызы Г. Топ жетекшілері	Апталық материалдары
3	Г.Мүсіреповтің туғанына 120 жыл толуына орай «Үздік оқырман» байқауын ұйымдастыру, облыстық байқауға қатысу.	Қыркүйек	БТДЖО ДогдырбаеваЖ. Бағейқызы Г.	Ақпараттама, фото есеп
4	«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында жылдық жоспар жасау.	Қыркүйек	БТДЖО	Жоспар
5	«XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» атты байқауға қатысу.	Уақытында	Топ жетекшілері	Фото есеп
6	«Ұлттық тағылымды ұмытпайық» Тәрбие сағаты.	Қазан	Топ жетекшілері	Жүрісі
7	«Шеберлер қаласы: ата-бабамыздың мұрасын сақтаймыз және дамытамыз» атты сәндік-қолданбалы өнер шығармашылығының көрмесін ұйымдастыру.	Қазан	Ақшұлаков А. НұрсайыноваМ Топ жетекшілері	Фото есеп, ақпараттама

8	М.Өуезовтің туғанына 125 жыл толуына орай өмірі мен шығармашылығына арналған доңгелек үстел өткізу.	Қазан	Догдыраева Ж.	Ақпарлама
9	«Ұлттық тәрбие берудің маңыздылығы» тәрбие сағаттарын өткізу.	Қараша	Топ жетекшілері	Т.с. жүрісі
10	«Ұлттық ойындар» апталығын өткізу.	Қараша	ЖұмағалиеваГ. Айтбаев Ж.	Ақпарлама
11	Студенттерге қазақтың ұлттық тағамдарын әзірлеп үйрету мақсатында шеберлік сағатын өткізу.	Қараша	БТЖО Топ жетекшілері	Ақпарлама
12	«Маңғыстау жұлдыздары» фестивалінің іріктеу кезеңіне студенттерді қатыстыру.	Уақытын да	Топ жетекшілері	Фото, видео
13	«Ұлттық құндылықтар тәрбиенің түп қазығы» ашық әрбие сағатын өткізу.	Желтоқсан	ИманғалиеваЖ. ДШВ-21 тобы	А.т.с. жүрісі
14	«Қазақтың колөнер бұйымдарын бірге жасайық» шеберлік сағатын өткізу.	Ақпан	БТЖО НұрсайыноваМ	Фото есеп
15	«Қазақтың ұлттық аспаптары туралы бірер ой». Студенттермен әңгімелесу.	Ақпан	Топ жетекшілері	Фото
16	1 наурыз – Алғыс айту күніне іс-шаралар өткізу.	Наурыз	Тулепова А. Студенттік парламент	Ақпарлама
17	14 наурыз – Амал мерекесі мен 22 наурыз – Ұлыстың ұлы күніне орай мерекелік шаралар өткізу (Жоспары бойынша).	Наурыз	БТЖО Исаева Н. ВТ-22 тобы Студенттік парламент	Жоспары, материалдары
18	Қазақтың ұлттық ойындарынан топаралық жарыс өткізу.	Наурыз	ЖумағалиеваГ. Айтбаева Ж.	Хаттама
19	Маңғыстаудың акын-жазушылары туралы кітап конференциясы.	Сәуір	ДогдырбаеваЖ.	Ақпарлама
20	«Қазақтың салт-дәстүрлері» тақырыптарында тәрбие сағаттарын өткізу.	Сәуір	Топ жетекшілері	Фото есеп
21	1 мамыр – Қазақстан халықтары бірлігі мен ынтымақтастығы күніне орай шаралар өткізу. Жоспары бойынша.	Мамыр	Маңғыбаева Г. МП-20 тобы	Жоспар
22	4 маусым – ҚР рәміздер күніне орай шаралар ұйымдастыру, аудандық іс шараларға қатысу.	Маусым	БТЖО Топ жетекшілері	Ақпарлама

IV. Отбасы тәрбиесі

«Мәңгілік ел» идеясымен патриоттық тәрбиенің құндылықтарын ұғындыру. «Мәңгілік ел» патриоттық актісі бойынша ата-аналар көзқарасының кәсіптік қоғамдық пікір мониторингін ата – аналарға оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық – педагогикалық күзіреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Мақсаты:

- Жастарды отбасындағы сыйластыққа, адамгершілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу, санасында ұлттық және моральдық құндылықтарды жандандыру, отбасы негізінде қалыптастыру;

Міндеттері

- Ата-аналар мен топ жетекшілері ынтымақтастықтарын дамыту;
- Ата-аналарды топтың және колледждің жұмыстарына баулу;

№	Жұмыс жоспары	Уақыты	Жауаптылар	Аяқтау нысаны
1	Колледж студенттерінің ата-аналарымен бірлескен жиналыс өткізу.	Семестрге 1 рет	Колледж әкімшілігі Топ жетекшілері	Хаттама
2	Ата-аналар кеңесінің мүшелерін сайлау. Жоспарға сүйене отырып жұмыс жасау.	Қыркүйек	БТДЖО Топ жетекшілері	Жоспар
3	Ата-аналар жиналысы барысында сунцид, терроризм, діни секталары туралы әңгімелер өткізу, ата-аналарға түсіндірме жұмысын жүргізу.	Жыл бойы	Топ жетекшілері	Баяндама
4	«Студенттердің діни көзқарасын анықтау» студенттер мен ата-аналармен сауалнама жүргізу	Қыркүйек	Топ жетекшілері Психолог	Хаттама
5	Колледжіміздегі студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын анықтау мақсатында сауалнама парағын толтырту. Отбасыларының тұрмыстық жағдайын(жетім, жартылай жетім, жағдайы төмен, көпбалалы) анықтау, көмек көрсетіп отыру.	Қыркүйек	Топ жетекшілері Психолог	Кесте
6	Мүмкіндігі шектеулі студенттерді анықтау, көмек көрсетіп отыру.	Қыркүйек	Топ жетекшілері Психолог	Кесте
7	Отбасы күніне орай мерекелік іс-шаралар өткізу.	Қыркүйек	БТДЖО Топ жетекшілері	Видео
8	Студенттердің интеллектуалдық деңгейін анықтау (тест, сауалнама)	Қазан	Психолог	Ақпараттама
9	«Зорлық-зомбылыққа қарсы 10 күн» шаралар өткізу.	Қазан, қараша	БТДЖО Психолог	Шаралар материалы
10	Жағдайы төмен балаларға көмек көрсету мақсатында «Қайырымдылық – қадірлі іс» атты қайырымдылық акциясын ұйымдастыру. Жәрменке.	Қазан	БТДЖО Топ жетекшілер	Фото
11	«Тәрбиенің көзі - Отбасы» дөңгелек үстел.	Қазан	Тулепова А. Топ жетекшілері	Баяндама
12	Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі құқықтық психологиялық біліктілігін жетілдіру үшін сауалнама дайындау: «Сіз қандай ата-анасыз?».	Қараша	Психолог Топ жетекшілері	Хаттама
13	«Әкеге қарап ұл өсер, шенеге қарап қыз өсер» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізу.	Қараша	Топ жетекшілері	Фото есеп
14	«Бакытты отбасы дегеніміз...» эсселер байқауын өткізу.	Қараша	БТДЖО	Хаттама
15	«Бірінші курс білім алушылардың жаңа өмір жағдайларына бейімделуі» тренинг.	Желтоқсан	Тулепова А. 1 курс топтары	Хаттама
16	«Отбасындағы әкенің ролі» тақырыбында тренинг өткізу.	Ақпан	1-3 курс топ жетекшілері Психолог	Ақпараттама
17	«Менің отбасым – менің мақтанышым» отбасы құндылықтарын дәріптеу мақсатында бейнебаяндар байқауын өткізу.	Ақпан	БТДЖО Топ жетекшілері	Хаттама
18	8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған «Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталады»	Наурыз	Студенттік парламент	Фото есеп

	тақырыбымен мерекелік кеш. (Жоспары бар)		Топ жетекшілері	
19	Тәртібі қиын студенттердің отбасыларына психологиялық және құқықтық көмек беріп отыру.	Жыл бойы	Топ жетекшілері Психолог	баяндама
20	Студенттер арасында темекі шегетін, тәртіп бұзушы студенттердің ата-аналарымен темекі шегудің зияны, тәртіп бұзушылық пеге әкелін соқтыратыны туралы әңгіме өткізу.	Жыл ішінде	БТЖО Топ жетекшілері	Баяндама
21	«Анам – асылым, анам – тән-жырым» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізу.	Наурыз	Тулепова А.	А.т.с жүрісі
22	«Отбасы – махаббаттың мекені» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізу.	Сәуір	Топ жетекшілері	Жүрісі
23	Ата-аналармен әңгіме өткізу: 1. «Отбасым- бақыт мекенім» 2. «Отбасы, педагог, ата-ана»	Сәуір	Топ жетекшілері	Дәріс Фото
24	Халықаралық отбасы күніне орай апталық өткізу. Жоспарын жасау.	Мамыр	БТЖО Топ жетекшілері	Жоспар
25	7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай әр студентке өзінің әкесі туралы ой толғау жаздыру. Ең үздігін марапаттау.	Мамыр	БТЖО Топ жетекшілері	Хаттама

V. ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ

Тұрғындардың мәдениеті, дәстүрлері, тарихи тұрмысының ерекшелігімен өңірдік экономикалық дамуының экономикалық дамуының байланысын терең ұғындыру. Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым – қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

Мақсаты:

- Студенттердің өздерін таңдаған кәсіптерінің қыр-сырын меңгеруге үйрету;
- Экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту;
- Туған жерге сүйіспеншілігін арттырып, экологиялық проблемаларына назар аударып, шеңсуге өз үлестерін қосуға тәрбиелеу;

Міндеттері:

- Студенттердің экологиялық білімдерін қалыптастыру;
- Кәсіби еңбек іс-әрекетінде қажетті адами қасиеттерді тәрбиелеу: жауапкершілік, еңбексүйгіштік, мақсаттылық, бастамшылық, өздігінен жұмыс атқару, ұмтылыс, адамшиеттілік
- Еңбектің түрлеріне, қоғамға пайдалы болу ынталарын дамыту және көтермелеу;
- Кәсіби еңбек іс-әрекетінде көтерілуі үшін жұмысқа өз еркімен қосылу ынтасына жағдайлар тудыру

№	Жұмыс жоспары	Уақыты	Жауаптылар	Аяқтау нысаны
1	Студенттерді ұйымшылдыққа, еңбекке тәрбиелеу мақсатында колледжішілік еңбек бригадасының құрамын сайлау, қоғамдық еңбекке тарту.	Қыркүйек	БТЖО	Жоспар
2	Студенттерді қоғамға пайдалы және өнімді еңбекке араластырып, еңбекті сүйеу, құрметтеуге тәрбиелеу, колледж ауласындағы	Қыркүйек	Топ жетекшілері	Фото есеп

	ағаштарды күтімге алу, жас ағаштар отырғызу.			
3	«Туған жердің табиғатын аялайық!» атты челлендж өткізу.	Қыркүйек	БТЖО Топ жетекшілері	Видео
4	«Жасыл ел» тобын құрып, құрамын сайлау. Ай сайын «Туған жердің табиғатын аялайық!» атты ұранмен сенбіліктер жасау.	Ай сайын	«Жасыл ел» еріктілер тобы Топ жетекшілері	Ақпарла ма
5	Колледжішілік, қалалық сенбіліктерге, көгалдандыру, абаттандыру жұмыстарына қатысу. Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға баулу.	Жыл бойына	Топ жетекшілері	Ақпарла ма
6	Worldskills мамандықтар байқауына қатысу.	Қыркүйек	БТЖО Әдіскер Оқытушылар	Хаттама
7	Туристік-өлкетану және экологиялық үйірмелерді құру, студенттерді жұмылдыру.	Қыркүйек	Жетекшілер	
8	«Туған жер» бағдарламасы бойынша ай сайын оқушыларды табиғат аясына, көрікті жерлер мен киелі орындарға, ескерткіштерге саяхатқа шығу.	Ай сайын	Колледж әкімшілігі Топ жетекшілері	Фото есеп
9	Түпқараған ауданының 30 жыл толуына орай Форт-Шевченко қаласында сенбілік өткізу.	Қыркүйек, Қазан	Топ жетекшілері	Ақпарла ма
10	Колледж ғимаратында «Экологиялық кеңістік» алаңын ұйымдастыру.	Қыркүйек	БТЖО	Фото есеп
11	«Менің Отаным - Қазақстан» оқушылардың туристік-өлкетану экспедициялық жасақтарының облыстық елегіне қатысу.	Уақытында	БТЖО Айтбаев Ж.	Ақпарла ма
12	Қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптап жинау үшін колледж аумағына түрлі-түсті контейнер қою.	Қыркүйек	Колледж әкімшілігі	Ақпарла ма
13	Дүниежүзілік туризм күніне шаралар өткізу.	Уақытында	Топ жетекшілері	Фото есеп
14	Аптаның соңғы күні кабинеттерде, колледж ғимаратында тазарту жұмыстарын жүргізіп отыру.	Жыл бойына	Топ жетекшілері	Топ жетекші лер
15	«Тенгемнің тарихынан». Тәрбие сағаттарын өткізу.	Қараша	Топ жетекшілері	Фото есеп
16	«Бәсекеге қабілетті маман даярлау басты мақсатымыз» бейнероликтер түсіру.	Қараша	Арнайы пән оқытушылары	Видео
17	«Кәсіп түбі - нәсіп» шеберлік сағаты.	Ақпан	Нұрсайынова М.	Ақпарла ма
18	Студенттерді колледж алаңын қардан тазарту жұмыстарына көмекке тарту.	Қаңтар, ақпан	БТЖО Топ жетекшілері	Фото, ақпарла ма
19	22 наурыз – Дүниежүзілік су ресурстарының күніне шаралар өткізу.	Наурыз	БТЖО	Материалдары
20	Ауданымыздың көрікті жерлеріне саяхатқа шығу.	Наурыз – мамыр	Топ жетекшілері	Фото есеп
21	«Манғыстаудың экологиялық мәселелері»	Сәуір	Топ	Т.с.жүрі

	тақырыбында тәрбие сағатын өткізу.		жетекшілері	сі
22	Халықаралық экологиялық білім күніне тәрбие сағаттарын өткізу.	Сәуір	Топ жетекшілері	жүрісі
23	«Мамандығым - мақтанышым». Кездесу.	Сәуір	БТЖО Арнайы пән оқытушылары	Фото есеп
24	Колледжімізде, теңіз жағалауында сенбіліктер өткізу.	Сәуір, мамыр	Топ жетекшілері	Ақпарат ма, фото
25	«Кәсіп – бизнес бастауы» Тәрбие сағаты.	Мамыр	БТЖО	Фото
26	«Жасыл ел» отрядтарына еңбек етуге тарту.	Маусым	Топ жетекшілері	

VI. ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ

Студенттердің «Мәңгілік ел» патриоттық актісін қамтамасыз ету. Өрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәжідемелік кеңістік құру

Мақсаты:

- Өрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәжідемелік кеңістік құру
- Рухани-адамгершілік құндылықтарды әсемдік арқылы, мәдениет арқылы, ұлттық және адамзаттық құндылықтарын зерттеу арқылы қалыптастыру;
- Зерттеушілік және жобалық қызмет біліктерін, инновацияға қабілеттілігін меңгерту;
